ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Бекітемін
Ішкі істер министрлігі
Басқару академиясы
бастығының міндетін
атқарушы
полиция полковнигі
_____ Жолдасов О.
2025 жыл «19» қаңтар

КАДР САЯСАТЫ

Ғылыми кеңестің отырысында
талқыланып, келісілді
(2025 жыл «19» қаңтар хаттама
№ 1)

Астана қаласы, 2025 жыл

Мазмұны

1. Қолданылу саласы 3
2. Нормативтік сілтемелер 3
3. Анықтамалар 3
4. Белгілер мен қысқартулар 4
5. Жауапкершілік және өкілеттіктер 4
6. Жалпы ережелер 4
7. Кадрлық қамтамасыз ету жүйесі шешетін негізгі мақсаттар мен міндеттер 4-5
8. Кадрлық жұмыс жүйесі 6
9. Жоспардан тыс аттестаттау өткізу қағидалары 6-7
10. Академия басшыларының құқықтары мен міндеттері …….. 7-8
11. Академия басшылары мен қызметкерлерінің жауапкершілігі 8
12. Келісу және тарату тәртібі 8

1-бөлім. Қолданылу саласы

Осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясының (бұдан әрі – Академия) кадр саясатын қалыптастыру қағидаттарын, іс-қимыл бағдарламасын, оны іске асырудың әдістері мен құралдарының жиынтығын, сондай-ақ кадр саясатын басқару және оның орындалуын бақылау жүйесін айқындайды. Бұл Ереже Академияның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

2-бөлім. Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер пайдаланылады:

1) 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

2) 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі;

3) 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

4) 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380-IV «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

5) 2015 жылғы 7 желтоқсандағы №998 Қазақстан Республикасы ІІМ-нің «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында кадр саясатын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығы;

6) 2016 жылғы 25 наурыздағы №299 Қазақстан Республикасы ІІМ-нің «ІІО қызметкерінің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» бұйрығы;

7) ІІМ Басқару академиясының Жарғысы.

3-бөлім. Анықтамалар

Осы Ережеде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) Кадр саясаты – ішкі істер органдары жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі, Академияның мақсаттары мен миссиясына сәйкес кадрлық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған нормалар мен қағидалар жүйесі;

2) Академияның кадрлық әлеуеті – Академиямен еңбек қатынастарында тұрған штаттық қызметкерлер мен мамандар;

3) Кадрлық жұмыс – Академия әкімшілігі мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының кадрларды жоспарлау, іріктеу, кадрлық қамтамасыз ету, оқыту, қызметін бағалау және әлеуметтік қорғау жөніндегі қызметі;

4) Кадрлық болжау – кадрлардың даму бағыты мен болашақтағы жағдайы туралы дәлелді түсініктер жүйесі;

5) Кадрлық жоспарлау – кадрларға деген қажеттілікті талдау және тиісті біліктілігі бар мамандармен қамтамасыз ету процесі;

6) Лауазымдық нұсқаулық – заңдар мен нормативтік құқықтық актілерден туындайтын қызметтік өкілеттіктер мен жауапкершілікті айқындайтын, қызметкердің нақты атқаратын функцияларын көрсететін құжат.

4-бөлім. Белгілер мен қысқартулар

Осы Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

1) Академия – «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Басқару академиясы» Республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) ҚҚТ – «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

3) ІІО туралы заң – «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заң;

4) ІІМ – Ішкі істер министрлігі;

5) ҚР – Қазақстан Республикасы;

6) ҚР ЕК – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

7) ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам;

8) ҚҚеТ – құжаттамалық қамтамасыз ету тобы.

5-бөлім. Жауапкершілік және өкілеттіктер

- Осы Ережені Академия бастығы бекітеді.
- Ережені енгізу мен өзектендіру үшін жауапкершілік Академия бастығының орынбасарларына және жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімге жүктеледі.
- Осы Ережеде көзделген талаптарды орындау және нәтижелердің сапасы үшін Академияның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жауап береді.

6-бөлім. Жалпы ережелер

- Академияның кадр саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, соның ішінде еңбек заңнамасын және жоғары білім беру саласындағы халықаралық құқық нормаларын бұлжытпай сақтау қағидаттарына негізделеді.
- Кадрлық қамтамасыз ету жүйесіне кадр саясатын қамтамасыз ететін және оның орындалуын бақылайтын құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ жоғары білікті кадрларды даярлау, профессорлық-оқытушылық құрамның және барлық деңгейдегі қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі шаралар кешені кіреді.

7-бөлім. Кадрлық қамтамасыз ету жүйесінің негізгі мақсаттары мен міндеттері

1) Академия кадр саясатының мақсаты – Академияның миссиясына және мақсаттарына сәйкес жоғары кәсіби деңгейі бар кадр құрамын қалыптастыру, дамыту және басқару жүйесін құру.

2) Кадр саясатының қағидаттары:

- Академияның миссиясы мен мақсаттарына сәйкестік;
- педагогикалық мәдениет пен тәжірибенің сабақтастығы;
- қызметкерлердің кәсіби өсу мүмкіндіктерінің теңдігі;
- конституциялық, еңбек және әлеуметтік заңнаманы сақтау;
- кәсіби құзыреттілікті арттыруға бағыттылық;
- кадрларды бағалаудағы әділдік пен объективтілік;

- кадрларды даярлау қалыптастырудың үздіксіздігі;
- кадрлардың жаңаруы мен сабақтастығы.

3) Кадр саясатының міндеттері:

- ғылыми және педагогикалық кадрлардың сапалық құрамын жетілдіру;
- кадр саясаты бойынша нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу;
- кадрлық әлеуеттің жай-күйін талдау;
- кадрлық қажеттілікті болжау;
- Академияны қажетті мамандармен толықтыру;
- Академия қызметкерлерін оқытушылық және ғылыми-зерттеу қызметінің рөлі мен нәтижелері туралы хабардар ету;
- Академия қызметкерлерінде оқытушылық және ғылыми-зерттеу қызметінің әлеуметтік маңыздылығы жөнінде ішкі сенімді қалыптастыру;
- Академия қызметкерлерінің кәсіби мүмкіндіктерін толық ашуға, өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау;
- Академияның ерекше көзге түскен қызметкерлерін марапаттауға, көтермелеуге ұсыну;
- Академия қызметкерлерінің кәсіби өсуі үшін материалдық ынталандыру жүйесін құру;
- Жоғары білікті қызметкерлердің (ғылым докторларының) ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау жұмысына қатысуы.

8-бөлім. Кадрлық жұмыс жүйесі

- Кадрлық жұмыс жүйесі Академияның құрылымдық бөлімшелері негізінде жүзеге асырылады және өзара іс-қимыл арқылы кадр саясатының міндеттерін шешеді.
- Кадр саясатын іске асыру құрылымдық бөлімшелердің біліктілікті арттырудың перспективалық жоспарлары негізінде жүргізіледі.
- Перспективалық жоспарлау (кемінде 3 жылға) кадр құрамының сапалық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталады.
- Кадрларды даярлау және біліктілікті арттыру магистратура, докторантура және қосымша білім беру жүйесі арқылы жүзеге асырылады.
- Кадрлық жұмыстың негізгі іс-шаралары:

1) жоғары білікті кадрларды даярлау;
2) басшылық құрамның біліктілігін арттыру;
3) профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру;
4) ғылыми қызметкерлердің кәсіби деңгейін көтеру;
5) ағылшын тілін меңгерген жоғары білікті мамандарды тарту.

9-бөлім. Жоспардан тыс аттестаттаудан өткізу қағидалары

Жоспардан тыс аттестаттауды өткізу тәртібі, кезеңдері мен мерзімдері:

1) Жоспардан тыс аттестаттау үш жыл өткеннен кейін өткізілетін жоғары тұрған басшы лауазымға ұсынылатын қызметкерлерді қоспағанда, қызметкерді жоспардан тыс аттестаттау алдыңғы аттестаттаудан (кезекті, кезектен тыс немесе жоспардан тыс) кейін алты айдан ерте емес өткізіледі.

2) Бұл ретте қызметкер аттестаттау қорытындысы бойынша жоғары тұрған басшы лауазымға тағайындалған жағдайда, ол жоспардан тыс аттестаттаудан алты айдан кейін өтеді.

3) Жоспардан тыс аттестаттау жөніндегі комиссияның отырысы тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Жоспардан тыс аттестаттауға дайындық мыналарды қамтиды:

1) ІІО интернет-ресурсында жоспардан тыс аттестаттауды өткізу жоспарланғаны туралы хабарландыру;

2) жоспардан тыс аттестаттауды өткізу мерзімдері мен орнын айқындау;

3) аттестатталатын қызметкерлерге қажетті құжаттарды дайындау.

Жоспардан тыс аттестаттау комиссиясы:

1) Бастық, бөлімшелердің басшылары кадр қызметінің ұсынымы бойынша аттестаттау комиссиясының құрамын бекітеді, оған кемінде бес мүше кіруге тиіс. Аттестаттау комиссиясының қатыспаған мүшелерін алмастыруға болмайды.

2) Министрдің номенклатурасы, ІІМ есепке алу-бақылау номенклатурасы бойынша тағайындау және босатуды жүзеге асыратын басшы лауазымдарға ұсынуға ниет білдірген қызметкерлерді жоспардан тыс аттестаттаудан өткізу үшін құрамына ІІМ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары кіретін Министрдің жетекшілік ететін орынбасары не оның орнындағы адам басқаратын Орталық аттестаттау комиссиясы құрылады.

3) Аттестаттау комиссиясының хатшысы кадр қызметінің өкілі болып табылады, ол оның жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етеді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

4) Аттестаттау комиссиясының басшысы және оның мүшелері сондай немесе аттестаттауға жататын қызметкерлерге қарағанда жоғары лауазымда болуы керек.

5) Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттаудан өтіп жатқан қызметкерлерді қоспағанда, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, кадр қызметтерінің өкілдері (не осы бөлімшелер есеп беретін адамдар), сондай-ақ құқық қорғау органының, құқық қорғау органының білім беру ұйымының немесе құқық қорғау органының мемлекеттік мекемесінің өзге де қызметкерлері кіреді.

6) Аттестаттау комиссиясының отырысы, егер оған оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

7) Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер оған отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының мүшелері арасынан көпшілік дауыс берілсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда аттестаттау комиссиясының төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Жоспардан тыс аттестаттаудың қорытындысы бойынша аттестаттау комиссиясы мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) жоғары тұрған басшылық лауазымға өсіруге ұсынылады;

2) жоғары тұрған басшылық лауазымға өсіруге ұсынылмайды.

10-бөлім. Академия басшыларының құқықтары мен міндеттері

Міндеттері:

- еңбек заңнамасына сәйкес кадр саясатын қалыптастыру;
- ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесін құруға жәрдемдесу;

- қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыруға ынталандыру жүйесін жетілдіру;

Құқықтары:

- кадрлық даму жөніндегі нормативтік базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;
- кадрлық ресурстар мониторингін жүргізу;
- кадрлық әлеуетті арттырудың стратегиялық жоспарларын әзірлеу;
- қызметкерлердің кәсіби өсуін ынталандыру;
- Академияның штаттық құрылымын жетілдіру.

11-бөлім. Академия басшылары мен қызметкерлерінің жауапкершілігі

Академияның барлық деңгейдегі басшылары мен қызметкерлері кадр саясаты бойынша нормативтік актілердің, жоспарлар мен бағдарламалардың орындалмауы үшін жеке жауапкершілікке тартылады.

12-бөлім. Келісу және тарату тәртібі

- Осы Ережені келісу Академия бастығының орынбасарларымен, заң кеңесшісімен, құжаттамалық қамтамасыз ету тобының басшысымен жүргізіледі және «Келісу парағында» рәсімделеді. Келісу парағы құжаттың түпнұсқасымен бірге сақталады.
- Осы Ереженің жобасын құрылымдық бөлімшелер басшыларына тарату тәртібі тәрбие және кадр жұмысы бөлімімен жүзеге асырылады.
- Ереженің жұмыс нұсқалары Академияның ресми сайтында орналастырылады.